

**Қазақ ұлттық университеті  
филология факультеті  
«Әдебиеттану» мамандығының  
1-курс студенттері Абай Ілімі  
пәнінің оқытушысы Гүлжан  
Ыбырайқызының  
үйымдастыруымен «Абай Ілімі»  
пәні бойынша «Абай Ілімінің  
құрамдас бөлімі: ақыл, қайрат,  
жүрек» атты пәнаралық ошық  
тербие сабактың өткізді.**

# **Тәрбие сабакты Абай Іліміне арналды**




Ашық сабактың мақсаты – білімгерлердің Абай Ілімімен сусындалп, рухани бай, танымдық өрісін кеңейтуге мүмкіндік жасау. Сабак барысында студенттер білім мен өнерді ұштастыра отырып, өздерінің сегіз қырлы, бір сырлы екенін барынша танытты. Сергітү сәтінде «Желсіз түнде жарық ай» өні топтың қатысуымен орындалды. Алғашқы сез кезегі абайтанушы-ғалым, доцент Ләйлә Жұматайқызына беріліп, ол өз сезінде Абайдың рухани әлеміне, кеңістігіне тоқталып, студенттерге сәттілік тіледі. Абай Ілімінің құрамдас бөліктері бойынша топ студенттері Ғаниза Бекенбай, Нұргүл Әжімбетова, Оралбек Нұрмұхаммед ақыл, қайрат, жүрек сипаттамаларын жан-жақты ашып, арнайы тоқталып өтті.

Ашық сабакта «Түркітану» мамандығының студенттері де белсене қатысып, «Абайдың кіслік кодексін» жатқа айтып, келген қонақтарды сүйсінітті. Бұл сабакта өн де, күй де, қара өлең де болды. Перизат Балғынбаева, Нұрмұхаммед Оралбек, Айсұлу Орынбасар күмбірлеген қазақтың қара домбырасымен күй тартса, Фарида Рашид, Таңнұр Женіс, Радомира Айтасқызы, Темірлан Азат, Нұргелді Әсілбай Абай атамыздың қара сөздері мен өлеңдерін ерекше тебіреніспен, ыстық махаббатпен орындалап шықты. Сонымен қатар Ақтілек Қасен, Айгерім Қасымхан қоңыр дауыспен Абай әндерін орындалап, көптің көңілінен орын алды.

Таңнұр Куаныш пен Бибінұр Асланбек те шараны барынша қызықты өткізіп, жүргізу шілік қырларынан танылды. Сабак барысында Абай ілімі бағыты бойынша интеллектуалды ойын ойнатылып, студенттер таным көкжиегін кеңейте түсті.

Ашық әңгіме сабактың қатысқан ұстаздар Жолдас Мәмбетов, Ерхан Кәрбозов, Бибігул Даuletқызы өз пікірлерін айттып, үйымдастырушыларға ерекше бағасын берді. Жас әдебиетшілерден болашақ зерттеуші, ақын, жазушы шығатынына сенетіндерін айттып, үлкен қолдау білдірді. Сабак соңында «Көзімнің қарасы» өні шырқалып, Гүлжан Ыбырайқызы барлық студенттерге Абайдың қара сөздері және даналық сөздері жинақталған кітапты, арнайы дайындалған «Абайдың кіслік кодексі» жадынамасын естелікке сыйфа тартты. Тағылымға толы, әсерлі әдебиетанымдық кеш болды.



**Шоқан ШОРТАНБАЙ,**  
**топ куратор-эдвайзері**